ҚАУЛЫ
тыйым салынған мүлікті өткізуге беру туралы
борышкердің кепіл мүлкін сату жөніндегі
электрондық аукцион өткізу үшін

19.10.2026 жыл Өтеген батыр кенті

Алматы облысының атқарушылық округі жеке сот орындаушысы Омарғалиев А.О., 27.02.2018 жылғы №4542 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет ете отырып, Алматы облысы Іле аудандық соты берген 29.05.2026 жылғы №1912-26-00-2/595-1 атқару парағы негізінде қозғалған 02.06.2026 жылғы №1015/26-19-4542 атқарушылық іс жүргізу материалдарын Аманкул Советкали Кожахметовке қатысты қарап, ЖШС «Кредитное товарищество «Балхаш» пайдасына 18 324 590 (он екі миллион) теңге мөлшеріндегі берешекті өндіріп алу туралы істі қарады.

Аманкул Советкали Кожахметовқа тиесілі, тыйым салынған жылжымайтын мүліктің, атап айтқанда жеке меншік құқығындағы кепіл мүлкін – жалпы алаңы 82,4 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы 40,20 ш.м. құрылыс салу алаңы 32,0 тұрғын үйді және жеке меншік құқығындағы жер учаскесін өткізу. Жер учаскесінің жалпы алаңы – 0,0938 га, кадастрлық нөмірі: 03-046-101-2779. өндіріп алуды қолдану арқылы жүргізіледі. Мекенжайы: Алматы облысы, Іле ауданы, Кокқайнар ауылы, Байтерек көшесі, 49үй,1п.

Тыйым салынған мүліктің бастапқы сату бағасы – 26 801 000 (жиырма алты миллион сегізжүз бір мың) теңге.

АНЫҚТАДЫ:

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 37-бабына сәйкес, Алматы облысы Іле аудандық сотының 31.08.2026 жылғы №1968-26-00-2м/13638 ұйғарымы негізінде жеке меншік құқығындағы жалпы алаңы 82,4 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы 40,20 ш.м. құрылыс салу алаңы 32,0 тұрғын үйді және жеке меншік құқығындағы жер учаскесін өткізу. Жер учаскесінің жалпы алаңы – 0,0938 га, кадастрлық нөмірі: 03-046-101-2779. өндіріп алу қолданылды.

Алматы облысы, Іле ауданы, Кокқайнар ауылы, Байтерек көшесі, 49үй,1п.мекенжайында орналасқан Аталған мүлік Аманкул Советкали Кожахметовқа тиесілі. Оның бастапқы сату бағасы 26 801 000 (жиырма алты миллион сегізжүз бір мың) теңгені құрайды.

Атқарушылық іс жүргізу шеңберінде борышкер Аманкул Советкали Кожахметов атқарушылық іс жүргізудің қозғалғаны туралы хабарлама және атқарушылық құжат талаптарынмен танысқан 19.07.2026ж. түсініктеме берген.

Заңның 31-бабына сәйкес мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға сот орындаушысының іс жүргізуіне қабылдаған атқарушылық құжат негіз болып табылады.

Борышкер Аманкул Советкали Кожахметовтің мүліктік жағдайын анықт
мақсатында жеке сот орындаушысы Омарғалиев А.О. Заңның 126 және 14
баптарына сәйкес Атқарушылық іс жүргізуді есепке алу және бақылауды
автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – АІЖЕБАЖ) арқылы мемлекеттік тірке
органдарына тиісті сұрау салулар жолдады.

Заңның 32-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес атқарушылық құжаттардың
орындалуын қамтамасыз ету шараларының бірі – борышкердің өзінде немесе өзге
де жеке және заңды тұлғаларда, оның ішінде банктерде, банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және сақтандыру ұйымдарында
тұрған ақшалай қаражаты мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, оның мүлкіне
тыйым салу.

Заңның 33-бабы 1-тармағына сәйкес, атқарушылық құжатта көрсетілген
талаптарды жеке тұлға немесе борышкер болып табылатын заңды тұлғаның
басшысы (міндетін атқарушы тұлғасы) жиырма айлық есептік көрсеткіштен асатын
сома бойынша орындамаған кезде, сондай-ақ мерзімді төлемдерді өндіріп алу
туралы атқарушылық құжаттарды үш айдан астам уақыт орындамаған жағдайда,
сот орындаушысы аталған тұлғалардың Қазақстан Республикасынан шығуына
уақытша шектеу қою туралы қаулы шығаруға құқылы, ал өндіріп алушының
өтініші болған кезде шығаруға міндетті.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 21-бабы 2-бөлігіне сәйкес
заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ соттар мен судьялардың сот төрелігін
жүзеге асыру кезінде берген өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары,
сұрау салулары және өзге де өтініштері барлық мемлекеттік органдар, жергілікті
өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар
үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға
жатады.

Атқарушылық іс жүргізу барысында Алматы облысы Іле аудандық сотының
31.08.2026 жылғы №1968-26-00-2м/13638 ұйғарымына сәйкес Аманкул Советкали
Кожахметовтің тиесілі тыйым салынған жылжымайтын мүліктің өндіріп алу
қолданылды. Мүлік – жеке меншік құқығындағы жалпы алаңы 82,4 ш.м., оның
ішінде тұрғын алаңы 40,20 ш.м. құрылыс салу алаңы 32,0 тұрғын үйді және жеке
меншік құқығындағы жер учаскесін өткізу. Жер учаскесінің жалпы алаңы – 0,0938
га, кадастрлық нөмірі: 03-046-101-2779. Бастапқы сату бағасы – 26 801 000
(жиырма алты миллион сегізжүз бір мың) теңгені құрайды.

Заңның 2-бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізудің міндеттері – сот шешімдері,
ұйғарымдары, азаматтық және әкімшілік істер бойынша нұсқамалары мен
қаулылары, қылмыстық істер бойынша мүліктік өндіріп алуға қатысты үкімдері
мен қаулылары, сондай-ақ өзге де органдардың қаулылары негізінде берілген
атқарушылық құжаттарды осы Заңда белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп орындауға
бағытталған шараларды міндетті әрі уақтылы қабылдау.

Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшалары және 126-бабына сәйкес сот
орындаушысы заңда белгіленген тәртіппен тыйым салынған мүлікті алып қоюға,
сақтауға беруге және өткізуге құқылы.

Сот орындаушысы сот актілерін, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету және татуласу келісімін бекіту туралы сот ұйғарымдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда өзге де органдардың актілерін мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдауға міндетті.

Заңның 74-бабы 1-тармағына сәйкес, айналымнан заң бойынша алып қойылған мүлікті қоспағанда, оның ішінде тыйым салу негіздері мен мүлік түрлеріне қарамастан, осы Заңның 77-бабы 3-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, тыйым салынған мүлікті өткізу сот орындаушысы тарапынан электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта жүзеге асырылады. Электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттық уәкілетті орган айқындайтын бірыңғай электрондық сауда алаңында өткізіледі.

Заңның 77-бабы 1-тармағына сәйкес борышкердің мүлкін өткізуге беру туралы сот орындаушысы қаулы шығарады.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып және Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 10-бабы 1-тармағын, 74, 77 және 126-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жылжымайтын мүлікті сату жөніндегі электрондық аукцион өткізу үшін тыйым салынған мүлікті, өткізуге беру:

– жеке меншік құқығындағы жалпы алаңы 82,4 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы 40,20 ш.м. құрылыс салу алаңы 32,0 тұрғын үйді және жеке меншік құқығындағы жер учаскесін өткізу. Жер учаскесінің жалпы алаңы – 0,0938 га, кадастрлық нөмірі: 03-046-101-2779.. Мүлік Аманкул Советкали Кожахметовке тиесілі.

Тыйым салынған мүліктің бастапқы сату бағасы – 26 801 000 (жиырма алты миллион сегізжүз бір мың) теңге.

2. Осы қаулының көшірмесі орындау үшін ЖСО РП-на жіберілсін.

3. Борышкердің мүлкін өткізуге байланысты шығындар атқарушылық әрекеттерді жүргізу жөніндегі шығыстарға жатқызылсын.

4. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына және болған жағдайда олардың өкілдеріне хабарлансын.

5. Сот орындаушысының қаулысы міндетті түрде орындалуға жатады және Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағымдануға болады.

Жеке сот орындаушы **Омарғалиев А.О.**

Қолтаңбамен таныстым
Бекбасарова Р.Е.
Жубайым Қожахметов Аманқұл Советқалиевичке қолма қол табыстауға міндеттімін. 19.10.2021ж